

## 2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 4-12 с шешімі

**Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 16-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 75-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 792 101,1 мың теңге;

салықтық түсімдер – 783 709,8 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 45 240,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 14 549,4 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 948 601,4 мың теңге;

2) шығындар – 5 854 981 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 46 504 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 79 378 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 32 874 мың теңге;

4) қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -109 383,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 109 383,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 79 378 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 32 874 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 62 879,9 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 19.03.2024 № 2-16 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2024 № 2-19 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.08.2024 № 3-21 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2024 № 2-23 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. 2024 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексiне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебiнен қалыптастырылатыны белгiленсiн:

1) бюджеттi атқару жөнiндегi орталық уәкiлеттi органмен бiрлесiп мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi орталық уәкiлеттi орган бекiтетiн тiзбе бойынша iрi кәсiпкерлiк субъектiлерiнен түсетiн түсiмдердi және мұнай секторы ұйымдарынан түсетiн түсiмдердi қоспағанда, келiп түскен салықтық аударымдардың кемiнде елу пайызы мөлшерiнде облыстық мәслихат белгiлеген кiрiстердi бөлу нормативтерi бойынша корпоративтiк табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттiң аумағында мемлекеттiк кiрiс органында тiркеу есебiне қою кезiнде мәлiмделген:

дара кәсiпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсiпқой медиатор үшiн – тұрған жерi;

қалған жеке тұлғалар үшiн – тұрғылықты жерi орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кiрiстер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгiлеген кiрiстердi бөлу нормативтерi бойынша жеке табыс салығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық мәслихат белгiлеген кiрiстердi бөлу нормативтерi бойынша бiрыңғай жиынтық төлемдi төлеген жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы;

4) облыстық мәслихат белгiлеген кiрiстердi бөлу нормативтерi бойынша әлеуметтiк салық;

5) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттiң, ауылдық округтiң аумағындағы осы салықты салу объектiлерi бойынша жеке тұлғалардың мүлкiне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсiпкерлердiң мүлкiне салынатын салық;

6) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттiң аумағында орналасқан жер учаскелерi бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын елдi мекендердiң жерiне жер салығын қоспағанда, жер салығы;

7) мыналардан:

тұрғылықты жерi аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттiң аумағындағы жеке тұлғалардан; өздерiнiң құрылтай құжаттарында көрсетiлетiн тұрған жерi аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттiң аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлiк құралдары салығын қоспағанда, көлiк құралдары салығы;

8) тiркелген салық;

9) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндiрiлген спирттiң барлық түрiне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндiрiлген алкоголь өнiмiне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндiрiлген құрамындағы этил спиртiнiң көлемi 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге ( мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

10) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағында орналасқан жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

12) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

13) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

14) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

15) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

16) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

17) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттер бойынша дивидендтер;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардың облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтеріне сәйкес облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту үшін аударымдары;

б) аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық бюджетке түсетін трансферттер облыстық бюджеттен және ауылдық округтер бюджеттерінен түсетін трансферттер болып белгіленсін.

6. Аудандық бюджетке аудандық бюджеттен берілген несиелерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының несиелерінен түсетін түсімдер қамтылатыны белгіленсін.

7. Аудандық бюджетке облыстық бюджеттен берілетін субвенциялар 1 909 127 мың теңге сомасында қарастырылсын.

8. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2024 жылға резерві 17 309 мың теңге көлемінде бекітілсін.

9. Ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін субвенциялар 4-қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

10. 2024 жылдың аудан бюджетінің шығындарында 451.007. "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша 5-қосымшаға сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек қарастырылатыны белгіленсін.

11. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыруға арналған бюджеттік кредиттер ескерілсін.

12. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте "Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы аясында ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және

су бұру жүйесін дамытуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт ескерілсін.

Көрсетілген дамытуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансфертті бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.";

13. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) "Ауыл–Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

2) мүгедектігі бар адамдарды гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

3) санаторлық-курорттық емделуге;

4) халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

5) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, ұйымдар жұмыскерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің жалақысын арттыруға.

Көрсетілген республикалық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

1) санаторлық-курорттық емделуге;

2) протездік-ортопедиялық құралдарға;

3) сурдотехникалық құралдарға;

4) тифлотехникалық құралдарға;

5) арнайы қозғалыс құралдарына (кресло-арбалар);

6) KTUL-336 "Өндіріс-Жұмысшы-Мырзағұл" аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеуге;

7) KTUL-100 "Көктерек-Тоспа-Жасқайрат-Қайрат" аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуге;

8) аудандық маңызы бар жолдарын күтіп ұстауға;

9) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

10) орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ғимаратын күрделі жөндеуге;

11) ауылдық елді мекендерді дамыту және салу схемаларын кезең-кезеңімен әзірлеу және түзету үшін;

12) металлдан жасалған, жылытылатын контейнерді сатып алу үшін;

13) металлдан жасалған, жылытылатын, доңғалақтардағы контейнерді сатып алу үшін;

14) Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай біржолғы ақшалай төлем төлеу үшін.

Көрсетілген облыстық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 19.03.2024 № 2-16 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2024 № 2-19 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

15. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

15-1. 6-қосымшаға сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бос қалдықтар есебінен 2024 жылға арналған аудандық бюджет шығыстары қарастырылсын.

**Сноска. Решение дополнено пунктом 15-1 в соответствии с решением Уалихановского районного маслихата Северо-Казахстанской области от 19.03.2024 № 2-16 с с (вводится в действие с 01.01.2024).**

16. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының төрағасы

М. Абдулов

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2023 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 4-12 с шешіміне 1-қосымша

## **2024 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 19.03.2024 № 2-16 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2024 № 2-19 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.08.2024 № 3-21 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2024 № 2-23 с (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

Санаты		
--------	--	--

	Кіші сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
1			2	3
			1) Кірістер	5 792 101,1
1			Салықтық түсімдер	783 709,8
	01		Табыс салығы	36 464
		1	Корпоративтік табыс салығы	16 214
		2	Жеке табыс салығы	20 250
	03		Әлеуметтік салық	470 483,8
		1	Әлеуметтік салық	470 483,8
	04		Меншікке салынатын салықтар	144 312
		1	Мүлікке салынатын салықтар	125 931
		3	Жер салығы	2 978
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	15 403
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	119 894
		2	Акциздер	1 973
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	113 071
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	12 556
		1	Мемлекеттік баж	12 556
2			Салықтық емес түсімдер	45 240,5

	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	21 822,8
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	14 400
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	7 022,8
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	400
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 846,7
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 846,7
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар,	571



			өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылаты н, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен ( шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылаты н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	571
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	21 000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	21 000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14 549,4
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	11 889,4
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	11 889,4

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	2 660
		1	Жерді сату	2 660
4			Трансферттердің түсімдері	4 948 601,4
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	2 681,9
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	2 681,9
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 945 919,5
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 945 919,5
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
1			2	3
			2) Шығындар	5 854 981
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 782 817,5
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	62 484,6
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	46 904,7

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	15 579,9
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	270 957
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	207 176
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	63 781
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 125
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	675
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	450
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	213 398,3
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	74 237,9

		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	139 160,4
475			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	62 126,4
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 476,4
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 650
495			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	1 172 726,2
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	73 709,5
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	17 230,8
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы	1 081 785,9

			ағымдағы трансферттер	
02			Қорғаныс	28 331,3
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10 527
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10 527
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	17 804,3
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 848,1
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	15 956,2
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2 188,2
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	2 188,2
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2 188,2

06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	293 276,1
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	33 534
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	33 534
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	190 843,1
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	9 198
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	100
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	42 324,1
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	178
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	74 631

		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	64 412
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	68 899
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	67 972
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	427

		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	700 568
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	259 211,8
		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	4 502
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	238 709,8
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	16 000
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	439 642,6
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	3 240
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	7 787
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу	33 552,5



			желілерін пайдалануды ұйымдастыру	
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	395 063,1
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	1 713,6
		031	Елді мекендердің санитариясын камтамасыз ету	1 713,6
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	513 340
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	90 840
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	90 840
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	11 400
		036	Мәдениет объектілерін дамыту	11 400
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	50 547
			Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт	

		001	саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 794
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	7 127
		007	Әр түрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	17 626
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	2 500
		021	Спорт объектілерін дамыту	2 500
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	123 970
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	20 155
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	103 069
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	746
			Ауданның (облыстық маңызы	

	478		бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	234 083
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 018
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	25 065
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	169 000
10			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	53 502
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	26 182
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 692
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	490

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	27 320
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	27 320
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	24 868
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	24 868
		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	24 868
12			Көлік және коммуникация	662 392,6
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	647 992,6
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	75 000
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	572 992,6

	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	14 400
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	14 400
13			Басқалар	544 356
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	17 309
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	17 309
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	527 047
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	527 047
14			Борышқа қызмет көрсету	7 022,8
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)	7 022,8

			экономика және қаржы бөлімі	
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	7 022,8
15			Трансферттер	1 242 318,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 242 318,5
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	3,7
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	748 717
		038	Субвенциялар	492 692
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	905,8
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	46 504
			Бюджеттік кредиттер	79 378

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	79 378
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	79 378
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	79 378
Санаты				
	Кіші сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	32 874
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	32 874
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	32 874
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	( -109 383,9
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	( 109 383,9
7			Қарыздар түсімі	79 378

	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	79 378
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	79 378
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	32 874
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	32 874
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	32 874
Санаты				
	Кіші сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	62 879,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	62 879,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	62 879,9

Уәлиханов аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 4-12 с шешіміне 2-қосымша

## 2025 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Санаты				
	Кіші сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
1			2	3
			1) Кірістер	2 470 042
1			Салықтық түсімдер	885 784
	01		Табыс салығы	21 785
		1	Корпоративтік табыс салығы	4 035
		2	Жеке табыс салығы	17 750
	03		Әлеуметтік салық	542 237



		1	Әлеуметтік салық	542 237
	04		Меншікке салынатын салықтар	139 312
		1	Мүлікке салынатын салықтар	120 931
		3	Жер салығы	2 978
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	15 403
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	169 894
		2	Акциздер	1 973
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	163 071
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4 850
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	12 556
		1	Мемлекеттік баж	12 556
2			Салықтық емес түсімдер	20 832
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	14 832
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	14 400
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	32

		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	400
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	6 000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	6 000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 860
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 700
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 700
